



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттіміз



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Президент

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Президенті:

Спортшылар даңқы – барша халықтың даңқы



Мемлекет басшысы бокстан Әлем чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсіміне қатысты. Президент Қазақстан ұлттық құрамасының мүшелерін Әлем чемпионатындағы тамаша жеңісімен құттықтап, бұл еліміз үшін тарихи оқиға, халқымыз үшін үлкен қуаныш екенін атап өтті.

— Қазақстан 68 мемлекеттің арасынан үздік шығып, бірінші орынға ие болды. Әлемдік бөсекеде Әнұранымыз жеті рет шырқалды. Көк туымыз жеті рет желбіреді. Барша жұртымыз сіздерге тілеулес болды. Әрине, кілең мықтылар жиналған жаһандық аламанда топ жару оңай емес. Бұл жетістік жылдар бойғы табанды еңбекпен, маңдай термен келгені анық. Біздің ұл-қыздарымыз бокстың отанына барып, өздерінің нағыз мықты спортшы екенін дәлелдеді. Сан-жар Төшкенбай және Махмұд Сабырхан әлемнің екі дүркін чемпионы атанды. Төрехан Сабырхан мен Айбек Оралбайдың ерекше өнеріне жаһан жұрты тәнті болды. Боксшы қыздарымыз әлемдік жарыста шеберліктің озық үлгісін көрсетті. Алуа Балқыбекова, Аида Әбікеева және Наталья Богданова алтын медаль алып, жеңіс тұғырына көтерілді. Назым Қызыбай шаршы алаңға бірінші болып шығып, елімізге ақжолтай жүлде әкелді. Виктория Графеева және Елдана Төліпова қола медаль жеңіп алды. Мен баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Қайрат Сатжанов, Елдос Сайдалиев бастаған бапкерлерге және басқа да мамандарға зор алғыс айтамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Туризм және спорт министрлігі мен Ұлттық Олимпиада комитеті көп жұмыс атқарғанына тоқталып, Қазақстан Бокс федерациясының еңбегін ерекше атап өтті.

— Біз үшін жекпе-жек спортының орны қашанда бөлек. Соның ішінде әйгілі Шоқыр Бөлтағұлы негізін қалаған қазақ боксының өз тарихы бар. Өткен ғасырдың ортасынан бері көптеген спортшымыз әлемді мойындатты. Тәуелсіздік кезеңінде аға буынның даңқты жолы үзілген жоқ. Жазғы олимпиада ойындарынан ел қоржынына түскен 15 алтынның жетеуі — боксшыларға тиесілі. Бұл сабақтастық болашақта лайықты жалғасын табады деп сенеміз. Оған барлық мүмкіндік бар, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде жастардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалғанын, инфрақұрылымды жақсартуға баса мән беріліп жатқанын айтты. Расында елімізде спорт саласына мемлекет тарапынан үлкен қолдау бар. Балаларға арналған жаттығу залдары, үйірмелер ашылууда. Ауылдық жерлерде заманға сай спорт кешендері бой көтеруде. Президенттің тапсырмасымен биыл Ұлттық спорт университеті ашылмақ, Боксты дамытуға арналған нақты шаралар да қолға алынууда. Нәтиже де жоқ емес, мәселен, бүгінде еліміздің бокстағы әлеуеті орасан. Тіпті мұны әлемдік спорт қауымдастығы да мойындайды.

Спортшыларымыз өте дарынды, әлем чемпиондары аз емес. Сондықтан мемлекет боксқа басымдық беріп, оны ұдайы назарда ұстайды. Осы бағыттағы жұмыс жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Біз боксты ұлттық спорт деңгейіне көтеруге міндетті. Бұл — өте маңызды міндет, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, World Boxing аясында алғаш рет өткен Әлем чемпионатындағы нәтиже — Ұлттық құраманың бірлескен жұмысының жемісі. Боксшылар, бапкерлер, менеджерлер, спорт дәрігерлері мен басшылар бірігіп, бүгінгі жетістікке жетті. Сондықтан Президент айтқандай, жеңіс тұғырынан көрінген спортшылармен қатар, бұл айтулы жеңіске үлес қосқан әрбір азаматты құрметтеуіміз керек. Мемлекет басшысы бокстағы жоғары бәсекелестікті, сондай-ақ оны дамытудың заманауи үдерістері пайда болғанын ескерте отырып, ұлттық құраманы даярлауға кәсіби мамандарды тартып, озық инновациялық шешімдерді белсенді енгізу қажеттігін қаперге салды.

Қасым-Жомарт Тоқаев даңқты спортшы Генадий Головкинге боксты Олимпиада ойындарының бағдарламасына қайтаруға атсалысқаны үшін ризашылығын білдірді.

— Әлемдік сайыста ел намысын қорғау — зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік. Сіздердің жеңістеріңіз жастардың спортқа деген құлшынысын арттырады. Спортшыларымыз ұлт саулығын жақсартуға үлес қосып жатыр деп айтуға болады. Чемпион болу — ел мерейін асыру деген сөз. Спортшылардың даңқы — барша халықтың даңқы. Олардың мәртебесі — бүкіл мемлекеттің мәртебесі. Сондықтан біз спортшыларымыздың әр жетістігін мақтан тұтуымыз керек. Бір ел болып, чемпиондарымызды ұлықтап, олардың

еңбегін жоғары бағалап, қоғамда жан-жақты дәріптеуіміз қажет. Мұның бәрі спорттың насихаттап, саламатты қоғам құру үшін өте маңызды. Мемлекет сіздерді әрдайым қолдайды, — деді ол.

Мемлекет басшысы әлемге әйгілі спортшы болу үлкен жауапкершілік жүктейтініне, жастардың чемпиондарға қарап бой түзейтініне назар аударды. Сондықтан сөзбен, іспен, күнделікті мінез-құлық, жүріс-тұрыспен, әдеп-дағдымен көпке үлгі болу өте маңызды деп есептейді.

— Жастарды отаншыл, еңбекқор, білімпаз, тәртіпті, жинақы, ұйымшыл, жанашыр болуға баулу керек. Мен сіздерді чемпион деген атқа лайық еліміздің мықты спортшылары деп есептеймін. Жалпы үлкен спортта биікке көтерілу оңай емес екені белгілі. Ал сол биікте қалу — одан да қиын жұмыс. Сондықтан жеткен жетістікке масайрап, босансуға болмайды. Алдымызда тұрған үлкен белес — Лос-Анджелестегі жаһандық дода. Олимпиаданың жеңіс тұғырына шығу — әр спортшының арманы. Бүкіл Қазақстан халқы сіздерге сенеді, үміт артады. Ел сенімін ақтау үшін қазірден бастап дайындыққа кірісу керек. Мен ұлттық құраманың осы жеңісін Олимп шыңына бастайтын маңызды қадам деп санаймын, — деді Президент.

Салтанатты басқосуда Әлем чемпиондары Айбек Оралбай мен Наталья Богданова сөз сөйледі. Мемлекет басшысы Ливерпуль қаласында өткен ерлер мен әйелдер арасындағы бокстан әлем чемпионатындағы (World Boxing) спорттық жоғары жетістіктері үшін бір топ спортшы мен бапкерді марапаттады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Ел жаңалықтары

Елімізде 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 50 300 отбасындағы 270 700 адамға жалпы құны 21,7 млрд теңге атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Биыл бұл мақсатқа бюджеттен 110,7 млрд теңге бөлінген.

270 мыңнан астам адам атаулы әлеуметтік көмек алды



Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, АӘК-нің негізгі мақсаты — ақшалай төлемдер түрінде қолдау көрсету және отбасының еңбекке қабілетті мүшелерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тарту арқылы отбасыларға қиын өмірлік жағдайлардан шығуға көмектесу.

АӘК табысы кедейлік шегінен аспайтын азаматтарға тоқсан сайын әлеуметтік көмек тағайындау, табысы аз отбасылардағы 1 жас пен 6 жас аралығындағы әр балаға 1,5 АЕК мөлшерінде ай сайынғы қосымша төлем беруді қарастырады. Сондай-ақ биыл 1 қыркүйекте АӘК алушылар қатарынан мектеп жасына дейінгі 83,6 мың балаға 2,8 млрд теңге қосымша төлем тағайындалды.

Алдағы уақытта жұмысқа орналастыру, өз ісін ашуға ниетті отбасыларға гранттар беру, біліктілікті арттыру курстарына жіберу және басқалар арқылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жалғасады.

Аудан жаңалықтары

Тазалық — ортақ жауапкершілік

Бейсенбіде «Аманат» партиясы аудандық филиалының белсенділері «Таза бейсенбі» акциясы аясында ауданға кіреберіс Қазыбек би көшесінің бойына тазалық жұмыстарын жүргізді. Тазалық шарасына партия ардагерлері мен бастауыш партия ұйымдары, еріктілер мен ауыл тұрғындары да қатысып, туған жердің экологиялық тазалығына үлес қосты.



Олар көше жиегіндегі шөптерді шауып, ағаштар мен жол шекараларын ақтап, жиналған қоқыстарды арнайы орынға жеткізді.

— Партия бастамасымен әр бейсенбіде өтетін бұл акция — табиғатқа, қоршаған ортаға деген құрметтің көрінісі. Жалпы ауаның ластануы, судың азаюы мен қалдықтардың көбеюі — адамның өз қолымен жасалатын дүние. Егер біз бүгін қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарамасақ, ертеңгі ұрпаққа не қалады? Таза орта қалыптастыру, тазалық мәдениетін сақтау мен қоршаған ортаны аялау — көпшілікке ортақ жауапкершілік, — деді партия филиалының консультанты Ахан Кенжебаев.

Аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Абзали Төлеутай бұл бастама жай ғана тазалық жұмысы емес, ел болашағына деген жауапкершілік пен жанашырлық екенін айтады. Сондай-ақ ол табиғатты аялау, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау бүгінгі ұрпақтың қана емес, келер ұрпақ алдындағы үлкен аманат екенін жеткізді.

— Шындығында, тазалыққа баршамыз жауаптымыз. Мұндай шараларда белсенділік таныту арқылы ескеңе ұрпаққа үлгі болуымыз керек. Жалағашта апта сайын сен-білік жұмыстары үздіксіз жүргізіліп тұрады. Қуантарлығы, соның барлығында тұрғындар белсенділік танытуда. Бұрын тек мекеме, кәсіпорын ұжымдары шықса, қазір тазалық шараларында тұрғындар да белсенді. Қазір кенттің көркіне көз сүйсінді. Әсіресе бізді мұндай шаралардың ауылдық елді мекендерде де қарқынды жүруі қуантады, — дейді орталық директоры.

«ЖЖ» ақпарат

Сапар

Саңлақтар құрмет төрінде

«Қазақстан Барысы» турнирінің жеңімпазы, «Әлем Барысы» халықаралық турнирінің жүлдегері Мақсат Исағабайлов пен ауыр атлетикадан әлем чемпионатының күміс жүлдегері Алмас Өтешов ауданға арнайы іс-сапармен келіп, жалағаштық спортшыларды қолдау және жастарға мотивация беру мақсатында кездесу өткізді. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов чемпиондарды қабылдап, қазақ спортының абыройын асқақтатып жүрген спортшылардың жетістіктерін атап өтті. Сондай-ақ ел намысын қорғап жүрген палуандардың иығына шапан жауып, құрмет көрсетті.



— Әлемдік додаларда қол жеткізген чемпиондарымызға қарап, ауылдағы жас спортшылардың болашағын көреміз. Сіздердің жеңістеріңіз — жастарға шабыт, ауыл-аймаққа серпің, ел спортының дамуына зор үлес. Спорт — тек медаль емес, тәрбие, салауатты өмір салты, елді біріктіретін күш. Бүгінгі спорт саңлақтарының жолын жалғайтын жаңа буын өсіп келеді. Сіздер жас спортшыларды қолдап, үлкен жетістікке жетулеріне өз үлес-

теріңізді қосып келесіздер, — деді ол. Айта кетейік, Алмас Өтешов — жас-өспірімдер арасында Азия чемпионы, 2013 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері. Сол жылы Польшадағы Вроцлав қаласында жеңіске жетіп, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері атанды. Бұл мәртебелі атаққа алғаш қол жеткізген қандасымыз болды. Келесі жылы АҚШ-тың Хьюстон қаласында да осы жетістігін қайталады.

Мақсат Исағабайлов Қармақшы ауданында дүниеге келген. 2002 жылы аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде самбо күресімен шұғылдануды бастады. Жасөспірімдер мен жастар арасында самбо, қазақ күресі және дзюдодан Қазақстан біріншіліктерінің жүлдегері әрі жеңімпазы атанды. Дзюдо және қазақ күресінен Қазақстан Республикасының спорт шебері, самбодан Халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

Е.АНУАРҰЛЫ

2 ҚОҒАМ

Маман мерейі

Әлеуметтік салаға дем берген

Әлеуметтік салада адал еңбек ету екiнiң бiрiнiң қолынан келе бермейдi. Өйткенi жұмыссыз азаматтардың екi қолға бiр күрек табуын қамтамасыз ету, алдына келген адамның тұрмыс сапасын арттыруға негiзделген мемлекеттiк көмектi әдiл үйлестiру оңай шаруа емес. Ал дәл осы қызметтi жалағаштық Гүлнұр Мақсұтқызының мiнсiз орындап келе жатқанына он жылдан асты. Ол осынша уақытта қаншама адамның алғысын алып, елдiң ыстық ықыласына бөлендi. Мұның бәрi табанды һәм тынымсыз еңбектiң өтеуi екенiне ешкiмнiң дауы жоқ.



Кейiпкерiмiз бүгiнде Жалағаштағы «Мансап» орталығында бөлімше басшысы болып қызмет атқарады. Бөлімшеде Гүлнұр Мақсұтқызынан бөлек 5 маман бар. Олар күнделікті азаматтардың әлеуметтік осал санаттарын уақытша жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда тәжірибелі маман субсидияланатын жұмыс орындарына адамдарға жолдама беруде. Мәселен, биыл аудан бойынша 8 айда 756 адамға жолдама берілген. Оның ішінде қоғамдық жұмысқа 579 адам жолданған. Ал жастар практикасына 115 адам жіберілген. Мұнан бөлек әлеуметтік жұмыс орнына 30 адам, «Күміс жас» жобасымен 32 адам жолданған.

Гүлнұр Мақсұтқызы қоғамдық жұмысқа 12 айға дейін жолдама беретінін айтады. Ай сайын алатын жалақысы 26,5 айлық есептік көрсеткішке тең. Сондай-ақ оған 30 пайыз экологиялық үстемалы қосылады. Ал жастар практикасымен барған маманның жалақысы 30 айлық есептік көрсеткішке тең. Оған дипломы бар жастар қатысады. Бірақ диплом алғанына 5 жылдан аспауы тиіс. Сондай-

ақ бұған дейін мамандығы бойынша жұмыс жасамауы керек.

Бөлімше басшысы «Күміс жас» жобасы зейнеткерлікке шығуға жасы таяған азаматтарға арналғанын айтады, яғни бұл жобаға 50 жасан асқан азаматтар қатыса алады. Олар 3 жылға дейін субсидияланатын жұмыс орнында еңбек ете алады. Алғашқы жылы жұмыс беруші тағайындаған жалақының 70 пайызын орталық субсидиялайды, ал 30 пайызын жұмыс беруші төлейді. Екінші жылы жалақының 65 пайызын орталық субсидиялайды. Қалғанын әдеттегідей жұмыс беруші тарапынан төленеді. Соңғы жылы 60 пайызын орталық субсидиялап, 40 пайызын жұмыс беруші өтейді.

Үш жыл уақыты біткеннен кейін жұмыс беруші тұрақты жұмысқа алып қалуға міндетті. Ал 50 жастан асып, 3 жыл жұмыс беруші мен біздің орталық арасындағы келісім-шарт аясында жұмыс істегендерді жұмыс беруші кемінде 1 жыл жұмыспен қамтуға міндетті. Әлеуметтік жұмыс орындарына келсек, жұмыс беруші тағайындаған жалақының 35 пайызын біз төлеп береміз. Жұмыс уақыты 12 айдан аспауы тиіс. Осыған

дейін қаншама адамға жолдама бердік. Оның бірқатары тұрақты жұмысқа орналасуына байланысты бұл жұмысты әрі қарай жалғастырудан бас тартты. Біздің мақсат – азаматтарды тұрақты жұмысқа орналасқанға дейін уақытша субсидияланатын жұмыспен қамту, – дейді Гүлнұр Мақсұтқызы.

Кейіпкеріміз еңбек жолын орталықта инспектор болып бастаған. Жауапты маман іс жүргізушінің қызметімен қатар жастар практикасына жолдама беруді де қамтамасыз етті. Ал 2012 жылы қараша айында орталықтың маманы болды. Дәл осы қызметті 2023 жылға дейін абыроймен атқарды. 2023 жылдың шілдесі айынан бастап «Мансап» орталығында бөлімше басшысы болып қызмет атқарып келеді.

Гүлнұр Мақсұтқызы уақытша жұмысқа орналасқандар арасында кейін тұрақты жұмысқа тұрғандардың барын айтады. Мәселен, биыл 579 адам қоғамдық жұмысқа жолдасан, олардың 18-і мерзімінен бұрын тұрақты жұмыспен қамтылған. Дәл осындай жұмыс беруші мен орталық арасындағы келісім-шарт мерзімінен бұрын жастар практикасынан

2, «Күміс жас» жобасымен 2, әлеуметтік жұмыс орындарынан 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Мемлекеттен бұл мақсатқа бөлінген қаражатпен елдің бәрін уақытша жұмыспен қамту мүмкін емес. Сондықтан тиісті қаражаттың мақсатты үйлестірілуі де – тәжірибелі маман Гүлнұр Мақсұтқызы басшылық ететін бөлімше қызметкерлерінің негізгі міндеті. Сондықтан олар ай сайын елді мекендерде мониторинг жұмыстарын жүргізіп тұрады. Нәтиже де жоқ емес, мәселен, биыл 8 айда олар 592 адамды уақытша жұмыспен қамтыған 108 мекеме мен кәсіпорынға мониторинг жұмыстарын жүргізген. Сол кезде 26 адамға дәлелсіз жұмыстан қалуына байланысты ескерту берілген. Мұнан бөлек 12 адамның жұмысы тоқтатылған. Соның арқасында мемлекеттің 15 млн 117 мың 943 теңгесі үнемделген.

– Біз тек мұнда адамдарға жолдама берумен шектелмейміз. Олардың өз уақытында жұмыс орындарында еңбек етіп жатыр ма, жоқ па, сол жағын да бақылаймыз. Өйткені мемлекеттен бөлінген қаражат мақсатты игерілуі керек. Жыл басынан бері қаншама мониторинг жұмыстарын жүргіздік. Соның арқасында қаншама олқылықтың алдын алдық. Біздің міндет – халықтың осал топтарын уақытша жұмыспен қамту және сол мақсатқа бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалуды қамтамасыз ету, – дейді тәжірибелі маман.

Иә, кейіпкеріміз кабинет төңірекейтін қызметкерлер сұрпынан емес. Мейлінше елдің тұрмыс сапасының артқанын қалайды. Халықтың осал топтарын жұмыспен қамтып, сондай-ақ олардың алдағы уақытта тұрақты жұмысқа орналасуына қолғабыс етеді.

Гүлнұр Мақсұтқызының әлеуметтік салада жұмыс жасағанына 13 жыл болды. Осыныша уақытта ол өзіне жүктелген міндетті мінсіз орындады. Соның арқасында басшылықтың да, халықтың да алғысын алды. Бірнеше рет марапат төрінен көрінді. Министрліктің, облыс әкімінің, аудан әкімінің, басқарма басшысының бірнеше рет алғыс хатына ие болды. Бірақ ол соның бәрiнен елдiң алғысын биік қояды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Санаққа қатыс, үлес қос!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №1248 қаулысымен бекітілген «Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын» басшылыққа ала отырып, облыста ауыл шаруашылығы санағына байланысты жұмыстар кезең-кезеңімен атқарылуда. Санақтың негізгі кезеңі 1 тамыз бен 20 қазан аралығында өтетіні жайлы бұған дейін де хабарланған болатын. Санақ онлайн және офлайн кезеңдерден тұрады.

Ауыл шаруашылығы – ел байлығы



Санақтың онлайн кезеңі биыл 1-31 тамыз аралығында sapaq.gov.kz сайтында онлайн-сауалнама салу арқылы өткізілді. 28 тамызда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі С.Жұманғариннің төрағалығымен өткен Ұлттық ауыл шаруашылығы санағына дайындалу мен оны жүргізу мәселелері жөніндегі арнайы комиссия отырысында санақтың онлайн-кезеңін 2025 жылдың 20 қыркүйегіне дейін ұзарту жөнінде шешім қабылданды.

Қызылорда облысы бойынша статистика департаментінің тіркеліміне сәйкес, санаққа 11 мыңға жуық кәсіпорын мен шаруа, фермер қожалықтары және жеке кәсіпкерлер қамтылуы тиіс. Осы тұста Сыр халқының онлайн-режимінде санақтан өту белсенділігі байқалып, тамыз айындағы онлайн-санаққа 95,6 пайыз ауылшаруашылық құрылымдары қатысып, жақсы нәтижеге қол жеткізді.

Айта кету керек, жалпы тізімге ұзақ уақыт бойы белсенділігі жоқ, бірақ тіркеуде тұрған кәсіпорындар мен қожалықтар да енгізілген. Сонымен қатар байланыс деректері өзекті емес субъектілер де бар. Бұдан бөлек кейбір жұмысбастылығына байланысты санақтан дер кезінде өте алмаған респонденттер үшін қосымша берілген 20 күн олардың маңызды мемлекеттік науқаннан тыс қалмауына мүмкіндік берді.

Ауыл шаруашылығы саласымен айналысатын барлық заңды тұлға, шаруа-фермер қожалықтары мен үй шаруашылықтары sapaq.gov.kz сайтына электронды цифрлық қолтаңба арқылы кіріп (ЭЦҚ), санақ парақтарында көрсетілген сауалдарға шынайы жауап беруі тиіс. Бұл әдіс өте ыңғайлы, сонымен қатар деректерді жинаудың тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Респонденттер үшін санақтан онлайн түрде өтуіне қолайлы жағдай жасау мақсатында облыста 2 кент, 142 ауылдық округ және 2 қала (Арал, Қазалы) өкімі аппараттарында, 7 аудандық статистика бөлімінің ғимараттарында интернет-байланысымен қамтамасыз етілген. «Өзіне-өзі қызмет көрсету» аймақтары ұйымдастырылған.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік статистика туралы» заңының 21-бабының 5-тармағында Ұлттық санақтар жүргізу кезінде респонденттер алғашқы статистикалық деректерді міндетті түрде өтеусіз негізде ұсынатыны көрсетілген. Ал офлайн түрінде интервьюерлер (сұхбатшылар) үй шаруашылықтарын 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында аралап, мәліметтерді арнайы планшетке түсіру әдісімен жүргізетін болады.

Қазіргі таңда офлайн кезеңге дайындық жұмыстары жүргізілуде. Алдын ала есептеулерге сәйкес, облыс бойынша 80 мыңнан аса үй шаруашылықтары араланып, сауалнама жүргізілетін болады. Осы сөтті пайдалана отырып, азаматтарды санаққа саналы түрде қатысуға шақырамыз. Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы Қазақстанның аграрлық секторын және азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты дамытуға арналған стратегиялық маңызы бар шара болып табылады.

Алынған деректер тиімді мемлекеттік саясат пен барлық деңгейдегі ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдауға негіз болады. Барлық қатысушы тарапты өздерінің азаматтық ұстанымын танытып, санаққа белсенді түрде қатысуға шақырамыз.

Ауыл шаруашылығы санағына қатысты барлық сұрақ бойынша 1446 байланыс орталығына сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін қоңырау шалуға немесе санақ сайтында орналасқан Sanaq.murza чат-ботына жазуға болады.

Сонымен бірге біз үй шаруашылықтарын аралап, санақ жүргізу үшін облыста жұмыссыз жүрген азаматтар мен студенттер қатарынан, сондай-ақ барлық ниет білдірген азамат санатынан 185-ден астам азаматты интервьюер ретінде жұмысқа тартуды жоспарлап отырмыз. Интервьюер ретінде санаққа қатысқысы келетін азаматтар біздің 1446 байланыс орталығына немесе @statgovkz_bot Telegram-ботына өтініш қалдыра алады.

Санақ барысында жинақталған мәліметтер Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік статистика туралы» Заңының 21-бабына сәйкес, Ұлттық санақтар барысында алынған мәліметтер бастапқы статистикалық деректерге жатады және міндетті түрде өтеусіз негізде ұсынылады делінген.

Сонымен бірге аталған заңның 8-бабы 1-тармағында «Алғашқы статистикалық деректер құпия болып табылады және осы баптың 4-тармағында көрсетілген мәліметтерді қоспағанда, оны мемлекеттік статистика органдары тек қана статистикалық ақпаратты түзу мақсатында пайдаланады. Мемлекеттік статистика органдары алғашқы статистикалық деректерді жинау, өңдеу және сақтау кезінде осы деректердің құпиялылығын қамтамасыз етеді» делінген.

Осыған орай респонденттер тарапынан берілген ақпараттар заңмен қорғалады және мемлекеттік кіріс органдарына және т.б. органдарға берілмейтінін атап өткім келеді.

Қайрат ӘБСУЛТАНОВ,
Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросының
Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы

Кеңес

Атқарылған жұмыс аз емес, алдағы міндет те ауқымды



Ауданда жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған жоспарды әзірлеу кезінде әр ауылдық округтің географиялық орналасуы, жайылым көлемі, ауылдық округтегі ауыл шаруашылығы малдарының саны назарға алынған. Сондықтан жоспар әр ауылдық округ бойынша дербес дайындалған. Жоспар бойынша жайылымдарды пайдалану ұзақтығы – 170-180 күн. Жайылымдық алқаптардың орташа өнімділігі гектарына 10,5 центнерді құрайды. «Аманат» партиясы депутаттық фракциясының кезекті отырысында аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Алтынбек Дәрібаев осылай дейді.

Аудан дамуына тікелей әсер ететін, халық мүддесіне бағытталған бірқатар маңызды мәселе қаралған жиында жайылымдық жерлерді басқару және оларды тиімді пайдалану жайы қаралды.

Расында жайылым мәселесі ауылдық елді мекендер үшін өте өзекті. Осыған байланысты фракция мүшелері аудандағы нақты ахуалды талқылап, жауапты бөлімге бірқатар ұсынысын жеткізді.

Айта кетейік, Жалағаш ауданында «2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 28-18 шешімі қабылданды. Жоспар 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің «Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі үлгілік жоспарды бекіту туралы» 2024 жылғы 29 шілдедегі №263, «Жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормасын бекіту туралы» 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 бұйрықтарына сәйкес әзірленген. Ауыл шаруашылығы жануарлары үшін қажетті жайылым алаңы мүйізді ірі қара мал басы үшін 11 гектар, уақ мал басы үшін 2,2, жылқы басы 14, түйе басы 15,5 гектардан есептеме алынды.

Жалпы аудан бойынша барлық жер көлемі 2 млн 873 мың 640 гектарды құрайды. Оның ішінде жайылымдық жерлер – 198 826,9 гектар. Жалпы аудандағы жеке тұрғындардың малын жаяуға 426

995,1 гектар жайылымдық жер қажет болса, бүгінде жетіспейтін жайылым көлемі 306 305 гектарды құрайды.

– Жоспарда жетіспейтін жайылымдық жерлерді қамтамасыз ету мақсатында малдар Қарақұм, Қызылқұм мал жайылымдарына шығарылады және 10 қазан мен 10 наурыз аралығында ауылдық округ аумағындағы босаған егіс алқаптарына жайылады деп есептелген. Аудан бойынша маусымдық мал жайылымы үшін Қарақұм мал жайылымында 591 563 гектар, Қызылқұм мал жайылымында 648 953 гектар және Жаңадария бойында 752 789 гектар жайылымдық жер мал жайылымына пайдалануда. Аудан бойынша мал жайылымына жетіспейтін жерлерді жоғарыдағы мал жайылымдары есебінен толық қамтамасыз етуге болады, – деді Алтынбек Дәрібаев.

Жиында мұнан кейін Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінің жұмыс барысы және алдағы міндеттері қаралды. Бұл жайында Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі директорының міндетін атқарушы Зухра Диуанова кеңінен тарқатты.

Айта кетейік, аталған колледж аудан жастарының көсібі білім алуына, білікті маман ретінде қалыптасуына жағдай жасап отыр. Отырыста білім сапасы, студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оқу базасын жаңарту, еңбек нарығына сай жаңа мамандықтар ашуға қатысты нақты сұрақтар қойылып, фракция мүшелері бұл саладағы жұмыстарды одан әрі жүйелі жүргізу керектігін айтты.

Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі 2013 жылы Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы №435 қаулысына сәйкес құрылған. Оқу ғимараты 1985 жылы салынған. Сыйымдылығы – 420 орын.

Колледж 2020 жылы 14 желтоқсанда институционалдық және бес мамандық бойынша мамандандырылған аккредиттеуден өткен. Қазіргі таңда ондағы ұлағатты ұстаздар 5 мамандық бойынша білім беруде. Тарқатып айтсақ, студенттер «Ауыл шаруашылығын механикаландыру», «Электр жабдықтары», «Дәнекерлеу ісі», «Тамақтандыруды ұйымдастыру» және «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану» мамандығын меңгереді.

Оқу орнында 41 педагог жұмыс жасайды. Олардың біреуі – жоғары санатты, сондай-ақ 4 педагог-зерттеуші, 3 педагог сарапшы, 4 педагог-модератор, 3 магистр бар.

2024-2025 оқу жылында колледж бойынша барлығы 218 студент білім алған. Оның 73-і оқуын бітіріп шықты, қазіргі таңда екінші курс 64, үшінші курс 70 студент білім алуда. 2025-2026 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс бойынша бірінші курста 180 студент қабылдау жоспарланған.

Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі тарапынан білім алушыларға оқу үлгерім көрсеткіштеріне сәйкес шектеулер тағайындалады. Студенттің әлеуметтік жағдайына қарай тегін тамақтандыру әлеуметтік көмек есебінен қаржысы аударылып отырады. Сондай-

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Еңбек адамы

Ел үшін еңбек еткен ер

Кешегі кеңестік дәуірде халықтың қоғам игілігіне жемісті қызмет етіп, құрметке бөленген кісілер аз болған жоқ. Туған халқының мерейі үшін тула бойындағы дарыны мен ақыл-парасатын ірікпей жұмсаған кісіні халық «ұлым» деп жүрегіне мейірлене бөлейді, «азаматым» деп ардақ тұтады. Сол жайсаң жан өмір жалауын әрдайым жықпай, көкке көтеріп, көмеңгерлік кемеліне келгенше халқы үшін аянбай еңбек етеді. Адам табиғатының заңды бір көрінісі саналатын «талант» әр заманда бой көрсеткен.

«Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер» деп ақын Абай бекер ой түймеген, осы сөзімен өмірдің мәңгі жалғастығын айтқан. Бар бітім-болмысымен, өз өмірімен ел үшін жасаған еңбегімен халқына өрлік-еңбектің үлгісін көрсете білген айтулы ағалардың бірі, бірі емес-ау, бірегейі еңбек жолын қарапайым шопыр болып бастаған Жаңаталап кеңшарында бухгалтер, Жалағаш, Ақсу, Темірбек Жүргенов, Жаңаталап кеңшарында директор болып қызмет еткен азамат туралы ой түбінде жүрген естелігіміз айтсам деймін.

Ол Сыр топырағында дүниеге келіп, саналы өмірін ауыл шаруашылығы саласының дамуына жұмсаған, қомақты үлес қосқан білгір басшы болды. Аудан көлемінде төрт кеңшарға директор болып, жан-жақты дамытып, алдыңғы қатардан көрсете білді. Өзінің іскер ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында жұмысшылар қатарына қосылды. Одақтық дәрежеде КПСС Орталық комитетінің СССР министрлер кеңесінің ВЦПСС, ВЛКСМ орталық комитетінің ауыспалы «Қызыл туын» бірнеше мәрте жеңіп алды. Мәскеу қаласындағы СССР халық шаруашылық жетістіктері көрмесінің «Алтын кітабына» жазылды. «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» орденімен және бірнеше медальмен марапатталған ардақты азамат Әмірзақ Тұғышбаев жайлы өсіп келе жатқан кейінгі толқын жастар білмейтін болар.

Осынаша атак-абырой бір кісінің басына қонуы оңай емес. Әмірзақ Пірназарұлы замандастарының жадынан өшпейді. Сол тарих төріне кетіп барады. Оның мына өмірден өткеніне біраз уақыт өтсе де, әлі күнге халықтың есінде.

Әмірзақ Пірназарұлының биіктен көрінуі ата-анадан дарыған тектілігінен, түбі терең қабілетінен, өмірден алған тәжірибесінен десек, жаңылмаймыз. Ағамыз – өмірде еңбегі жанғаң, жолы болған, мемлекеттен айыштығы бағасын алған бақытты азамат. Өмірінің соңына дейін ағайынның қасынан табылып, қуаныш-қайғысына ортақтасты. Сын сағатта өз қаражатынан ел азаматтарына қол ұшын берді, өнегелі іс-әрекетімен жан-жағына нұрын шашқан абзал жанның кісілік көлбеті әлі күнге көз алдымызда тұр. Ол кезден кетсе де, көңілден кетпейді.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, ол сонау 1990 жылдың басында қазіргі Темірбек Жүргенов атындағы ауылға директор болып келді. Мен ол кезде «Тының XXX жылдығы» атындағы №5 комсомол жастар бригадасында механизатор-комбайнер болып жұмыс істеп жүр едім. Ағамыз жұмысқа

кіріскеннен кеңшардың жалпы жиналысын өткізді. Ауыл тұрғындарына өзінің еңбек ету тәртібін таныстырды. Кім қайда жұмыс істейтін болса да, таңертең сағат 7.00-де жұмысқа келу, бесжылдықтың тапсырмасын орындау, күріштен мол өнім жинау, мал басын аман сақтау, басқа да жұмыстардың өз дәрежесінде орындалуы қатаң сұралатынын ескертті.

Техниканы кешке қарай қоймаға



қоюды өзі тексеретінін мәлімдеді. Көктемде күріш дақпылын өгіп болған соң әр аптаның үшінші күні барлық өндіріс бригадирінің, күрішшілердің, механизаторлардың қатысуымен жиналыс өткізеді. Жиналыс болар алдында барлық егістікті аралап шығады. Ағамыздың қолында әрбір күрішшінің өткен жылы қанша өнім алғаны жайлы толық мәлімет болады. Сонан соң егінді күтіп-баптау тәсілдерін ортаға салып талқылайды.

Шілде айының үшінші онкүндігінде кеңшар агрономы Базарбай Жайылхановты қатыстыра отырып, өз күрішіден неше центнерден өнім жинайтыны қатаң сұралады. Ағамыз 50-55 центнерге қанағаттанбайды. Сұрақ кезегі №1 бригаданың күрішшісі Еркін Муратов пен Әскербек Шерімбетовке келді. Олар 60-65 центнерден жинайтынын мәлімдейді. 8-өндіріс бригадасының тәжірибелі күрішшісі Бауыржан Жұбаниязов жас болса да күріш егудің қыр-сырын жақсы меңгерген, биыл әр гектардан 70-75 центнер жинауға уәде берді. Ағамыз орнынан ұшып тұрып, «Міне азамат, міне диқан, нағыз еңбеккер» деп қалтасынан 25 сомдықты сыуырып алып, сыйақы ретінде риза болып марапаттайды.



жарылды. Дәл осы уақытта директор мен кеңшар агрономы Базарбай келді. Менің қасымда Марат Сәдуақасов көмектесіп тұрған. Марат болған жағдайды баяндады. Ағамыз тез шешім қабылдап, кеңшар экспедиторы Төребек Төлегеновке хабарласып, аудан агробазасынан бір дана дөңгелекті жеделдетіп алдырды.

Қуатты техника болғасын жұмыстың түрі де көп. Орталық қырманға күріш тасу, сүдігер айдау. Желтоқсан айында аудан орталығынан кеңшар коменданты Шахмаран Сейдаханова апай екеуміз көмір тасимыз. Ауыл тұрғындарына көмірді бөліп беру – Шахмаран апайдың міндеті. Қаңтар айының ортасында техниканың моторы сыр бере бастады. Әлі ауданнан алашақ 50-60 тонна көміріміз бар. Осы апамыз ағамызға техниканың жағдайын баяндады. Ағамыз Шымкент қаласынан 2 дана мотор алдырды. Осы жерде менің айтпақ ойым, ағамыз қандай іске болса да бейжай қарамайды. Қазіргі кезде 80-нен асқан, 70-ке келген азаматтардың әлі де ойларында болар. Әмірзақ Пірназарұлы орталық кеңшар қоймасына вагон-вагон үн өнімдерін, макарон, күрішті толтырып қойды. Көз келген ауыл тұрғыны қанша алғысы келеді, өз еркі. Ұнды малға айырбастап, халықтың әл-ауқаты көтеріліп қалды. Ташкент қаласынан 130 дана 4 тонналық Беларусь тіркемесін, Қызылорда қаласынан агрожабдықтау мекемесінен 10 дана Беларусь тракторының моторын жаңадан алдырды.

Әмірзақ Пірназарұлы тәртіпке аса мән беретін. Кешкі сағат 21.30-дан кейін осы кездегі ауыл әкімі Бауыржанды қасына ертіп алып, көше тәртібін қадағалайтын. Осы кезеңде Бауыржан – ЖОО-ның студенті. Ауыл инспекторына қатаң тапсырма беретін. Ауыл тұрғындарының малы немесе т.б. заты ұрланса, ертеңіне кешке дейін табылатын.

Әмірзақ Пірназарұлының өмірде қол жеткізген табысы – бақыттының бастауы, отбасындағы отасқан анамыз Дина Әбішқызының парасатты мінезінің арқасы. Ұл-қыздары да әке жолын ардақ тұтып, өздерінің адал еңбегімен көсібін заманға сай дөңгелекті отыр.

Оның игі істерін, азаматтық қасиеттерін еске алып, көңіл жұбатамыз. Бұл дүниеде ғұмыры үзілгенімен артында ауыз толтырып айтарлықтай ішпес ісі қалды. Қазір Темірбек Жүргенов атындағы ауылдың әкімшілік үйі, Ә.Оңалбаев атындағы №117 орта мектеп, №15 Балбөбек балалар бақшасы, мәдениет үйі, сауда орталығы осы уақытқа дейін ауыл тұрғындарына қызмет етуде. Артында қалған мұра десек, қателеспейміз. Осындай тұғырлы тұлғаның өмір жолы кейінгі жастарға тәлім-тәрбие болып қала береді. Менің түсінігімде алдағы уақытта да еңбек бар ағаларға құрмет жасау, өзі болмаса да төккен терін тарих бетіне таңба басқандай қалдыру, адамгершілік қасиеттерін бүгінгі ұрпаққа насихаттау – борышымыз. Біз білетін Әмірзақ Пірназарұлы – Сыр өңірінде құрметті орны бар тұлға.

Сисенбай ТЕМІРҰЛЫ,
Темірбек Жүргенов
ауылының тұрғыны

Еңбек адамы

Мектепте бірге оқыған құрдасым Әбіләкім Әлсейтов 1999 жылы Мәдениет ауылдық округінің әкімі болып тағайындалғанда мен аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінде журналист болып қызмет істейтінмін. Әдеттегідей ауданда әкім аппаратының мәжілісі, конференция, басқа да жиындар жиі өтіп тұрады. Сол сепепті Әбіләкімді күнделікті көріп, кездесіп, амандық-саулық сұрасып тұрамыз.

Туған жерді түлеткен



Бір ауданда тұрған соң оның еңбек жолы да көз алдымда. Мәдениет ауылында №32 1 май орта мектебін бітіріп, совхозда механизатор болып еңбек жолын бастады. Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтына түсіп, инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп шықты. Мәдениет совхозында аға инженер, механик болып қызмет атқарды. Жаңадария совхозында бас инженер болды. Одан кейін Мәдениет совхозында он шақты жыл көлік қоймасының меңгерушісі болса, 1-2 жыл «Кет» шаруа қожалығына төрағалық етті. Ал 1999 жылдың желтоқсан айынан бастап Мәдениет ауылдық округі әкімі қызметін зейнеткерлікке шыққанға дейін, яғни 2017 жылға дейін мінсіз атқарды.

Әрине, ауыл әкімі қызметінің ауқымы көп. Президенттің ауылдағы өкілі болғасын өзіне бекітілген міндетті мінсіз орындауға тікелей жауапты.

Ол ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайына үнемі бақылау жасап отыратын. Ауылдың тазалығы, ауызсу, аяқсу, тіпті ауыл шаруашылығы жұмыстарында да белсенді болды. Ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі мен тыныштығы, әлеуметтік жағдайы мен денсаулығы, бәрі-бәрі ауыл әкімінің назарынан тыс қалмады. «Әкім бол, халыққа жақын бол» деген сөз соған байланысты айтылса керек.

Баршаға аяң, еліміз егемендік алған тоқсаныншы жылдардан кейін ауылдардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы күрт төмендеп кетті. Жекешелендіру саясатының желеуімен кезінде аты аспандап, «Күріш фабрикасы» атанған Мәдениет совхозы тарап, майда қожалықтарға бөліне бастады. Қоғамға ортақ мал жекешеленіп, аукцион арқылы сатылып жатты. Міне, осындай өтпелі күн кезде ауыл әкімі сатылған қолға алған Әбіләкімнің ең басты мақсаты ауыл мәселелерінің оң шешімін табуына ықпал етіп, туған жерін түндірді еді.

Жауапкершілік жүгін арқаалаған ол күн-түн демей, уақытпен санаспай жұмыс істеді. Туған жерін түлетіп, көркейту жолында жемісті еңбек етті. Жасыратыны жоқ, тоқсаныншы жылдардан кейін тоқырап, тығырлыққа тірелген ауылда шешімін күтіп тұрған күрделі мәселелер көп еді. «Атадан мал қалғанша тал қалсын» демей ме дана халқымыз. Ауыл әкімі алдымен шаруашылықтың техникалары мен жұмыссыздыққа тіркелген ауыл жастарын жұмылдырып, санитарлық-тазалық, көркейту жұмыстарын қолға алды. Нәтижесінде Мектеп пен Қалдан батыр көшесінің бойынан арықтар қазылып, аяқсу келтіріліп, ағаш егілді. Сондай-ақ мектеп алдындағы бос жатқан жер қоршалып, аяқсу жеткізіліп, тал егілді. Қазір бұл жер жасыл желек жамылған саябаққа айналды. Ескі клуб алдындағы талдар күтімге алынды. «Женіс» бағы қоршалып, аяқсу жеткізілді. «Соғыстан оралмаған боздақтар» ескерткішіне күрделі жөндеу жүргізіліп, мрамор тақталар жаңартылды. Қалдан батыр, Мектеп көшелеріне бағаналар тартылып, жарықтандырылды.

Сол жылдары ауыл халқын сапалы ауыз сумен қамту өзекті мәселенің бірі еді. «Таза су» бағдарламасы аясында бюджеттен қаржы бөлініп, ауызсу торабы жөнделді. Елді мекендегі орталық су құбырына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 19 шақырым көше бойына су құбыры тартылды. Ауылға аяқсу да келіп, тұрғындардың көкеңіс, бақша егуіне жағдай жасалды.

Сол тұста Мәдениет пен Мырзабай ауылы арасындағы жолдың сапасы сын көтермейтін. Жүргізушілерге көптен бері қиыншылық келтіріп жүрген болатын. Ауыл әкімінің бастамасымен Мәдениет пен Мырзабай арасындағы жол ауданаралық жол санатына қосылды. Соның нәтижесінде осы екі ауыл арасындағы жол жөнделіп, асфальт төселді. Мәдениет ауылдық округі қамтуындағы Аққолқа елді мекенінің тұрғындары аудан орталығына қатынайтын автобус мәселесін көптен бері айтып жүрген еді. Ауыл әкімінің ықпалымен бұл мәселе де шешімін тауып, шалғай ауылдағы тұрғындардың талап-тілегі орындалды. Аудан мен Аққолқа ауылы бағытына арнайы автобус шығып, аптасына екі рет қатынап, жолаушыларға қызмет көрсететін болды.

Сол тұста облыс әкімінің қолдауымен Мәдениет ауылының тіректі елді мекен санатына өңгізілуі жергілікті тұрғындар үшін жағымды жаңалық болды. Соның нәтижесінде республикалық, облыстық, аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, ауылдың барлық көшесі жөнделді. Жаңадан клуб, балабақша, жабық спорт кешені салынып, пайдалануға берілді. Айта берсек, сол тұста ел игілігіне қызмет ететін жаңа жобалар мен жарқын істер көп болды. Ең бастысы, ауыл әкімі әрбір іске өзі тікелей басшылық жасады.

«Ауылына қарап, азаматын таны» дейді халқымыз. Бүгінде тіректі елді мекен адам танымастай өзгерген. Жаңадан бой көтерген мәдени-спорттық нысандар халыққа қызмет көрсетуде. Ауыл көркі жылдан-жылға ажарланып, жарқын істер жалғасын табуда. Осы ауылда 18 жыл өкім болып қызмет атқарған Әбіләкім Әлсейтовтың ауылдың дамуында қолтаңбасын қалдырғанын мақтанышпен айтамыз. Ол отбасында да өзінің міндетін жақсы орындап, балаларына тәлім-тәрбие берді. 1986 жылы Әбіләкім ақылына көркі сай Зоя екеуі отау құрды. Содан бері отбасындағы сыйластық, сүйіспеншілік жалғасын тауып келеді. Дамир, Данияр есімді екі баланы тәрбиелеп өсіріп, жоғары білім алуына жағдай жасады. Бүгінде келін түсіріп, немере сүйіп, қуанышқа кенеліп отырған жайы бар. Оның елдің дамуына қосқан үлесі зор және өнегелі өмір жолы – өскелең ұрпаққа үлгі.

Серік БЕРТАЕВ,
ардагер-журналист

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» және Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеттерінде кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын газет бетінде орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады			
Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.	Газеттің таралымы – 2707 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: Бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге; Ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге; Ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.		
Таралымы – 22051 дана.	***		
Облыстық «Кызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.	Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің таралымы – 2707 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: Бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге; Ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге; Ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.		
Таралымы – 5959 дана.	***		
Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:	Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz		
Бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге;	Ескерту: аудандық сайлау комиссиялары өз ауданының газет редакцияларына хабарласады.		
Ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.	***		
Облыстық «Сыр бойы», «Кызылординские вести» газеттерінің syrbouy@yandex.kz,	***		
Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады			
"Kyzylorda-news.kz" ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):	Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.		
1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша фото – 200 теңге.	Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мерекелік күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.		
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта); Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге	Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz		
3. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта); Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге	***		
4. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта); Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге	***		

Балабақшадағы өрт қауіпсіздігі

Балалардың қауіпсіздігі – қоғам үшін ең маңызды мәселенің бірі. Сол сепепті мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында өрт қауіпсіздігін сақтау талаптары назарда болуы тиіс.

Балабақшаларда өрттің алдын алу мақсатында ең алдымен өртке қарсы нұсқаулықтар жасалып, қызметкерлерге тұрақты түрде түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Әрбір қызметкер өрт шыққан жағдайда балаларды эвакуациялау тәртібін білуге және алғашқы өрт сөндіру құралдарын қолдана алуға міндетті.

Мекемелерде өрт сөндіргіш құралдар, арнайы дабыл жүйелері орнаты-

лып, олардың жұмысқа жарамдылығы жиі тексеріліп тұрады. Сонымен қатар балалардың өмірін қорғау үшін өрт сөндіру жаттығулары өткізіліп, эвакуациялау жолдары іс жүзінде көрсетіледі.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек тәрбиешілердің ғана емес, ата-аналардың да ортақ міндеті. Балаларға тұрмыста отты дұрыс пайдалануды үйрету, сіріңке мен электр құралдарын өз бетінше қолдануға болмайтынын түсін-

діру аса маңызды.

Қауіпсіздік – жауапкершілікті қажет ететін іс. Сондықтан әрбір балабақшада өрт қауіпсіздігі шаралары үздіксіз жүргізілуі тиіс. Бұл – балалардың аمانдығы мен ата-аналардың сенімділігін қамтамасыз етудің басты кепілі.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Сараптама

Жол апаты азаяр емес

Елімізде жыл сайын жол апатынан 2 мыңнан астам адам қаза тауып, 20 мыңнан астам адам жарақат алады. Жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тек полицейлер жауапты деген түсініктен арылмай, бұл мәселемен күрестің жемісін көре алмаймыз. Сондықтан бірінші кезекте жауапкершілік өзімізде болуы тиіс.

Жол-көлік оқиғасы 42 пайызға артқан

Ішкі істер министрлігінің мәліметіне сүйенсек, жыл басынан бері жол-көлік оқиғаларының саны 42 пайызға, зардап шеккендер саны 52 пайызға артқан. Сонымен қатар өлім-жітім санының 2 пайызға төмендеуі байқалады. Жолдағы жағдайды жақсарту үшін ведомство автотекіптерді лицензиялауды енгізу, заңсыз тасымалдаушыларға қатысты шараларды күшейту, сондай-ақ жол инфрақұрылымын дамытуды ұсынады. Атап айтқанда, төрт немесе одан да көп жолақты жолдар салу, жаяу жүргіншілер



3,7 млн жүргізушіге айыппұл салынған

Иә, елімізде самокат жүргізушілері ғана емес, үлкен жолда жылдамдықты шамадан тыс асырып, қоғамға қауіп төндіретіндер азаймай тұр. Мәселен, жыл басынан бері жол-көлік оқиғалары 19 мыңға жетті. Жол апатынан 26 мың адам зардап шексе, 1200 адам көз жұмды. Оның 170-тен астамы – бала. Жол-көлік оқиғалары Абай облысында ғана азайғаны байқалады. Ал Ақтөбе, Атырау және өзіміздің Қызылорда облысында өскен. Мегаполистердегі жағдай да мез емес. Мәселен, елдегі әр бесінші жол апаты Алматыда тіркеліп отыр. Жауапты министрлік енгізген цифрлық жүйелердің арқасында 3,7 млн жүргізушіге дер кезінде айыппұл салынған. Бұл былтырғыдан 7,5 пайыз артық.

Былтыр елімізде 32 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Салдарынан 41 мыңнан астам адам зардап шеккен. Сорақысы сол, 1 жылда 2,5 мың адам көлік апатынан көз жұмған. Статистикаға көз жүгіртсек, бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 2 есе көп. Бұдан елімізде жыл сайын жол апаты көбейіп жатқанын байқауға болады.

Жалпы Қазақстанда ай сайын 150-ден астам адам жол-көлік оқиғасы салдарынан көз жұмады екен. Адам шығынын қоса есептегенде ел экономикасына 1 трлн теңге шығын келуде. Бұл мәселеге қатысты депутаттар да дабыл қақты.

Халық қалаулыларының сөзінше, көбінесе жол апатынан тасидегі жолаушылар зардап шегетін көрінеді. Бұған себеп те жоқ емес, мәселен, оларды өзiрге медициналық тексеруден және көліктік бақылаудан өткізу мүмкін болмай отыр. Демалыс режимінің сақталмауынан қайғылы жағдайлар орын алу-да. «Қазір такси қызметі ыңғайлы және қолжетімді болғаны рас, бірақ өміріміздің қауіпсіздігі басты назарда болуы керек» дейді депутаттар.

ҚР Парламенті Сенатының депутаттары елімізде көлік жүргізушілерге заңды әлі де қатайтып, бейнекамераларды көбейтуді ұсынды. Қазір заңға үлкен өзгеріс енгізілмегенімен, елімізде жол қауіпсіздігін бақылайтын камералар айтарлықтай артты. Бірақ одан жол апатының азайғанын байқамадық.

көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Масаң күйде мопед жүргізетіндерге баса назар аударылды. Қазір мопедті алкогольдік масаң күйде басқарғандарға Әкімшілік құқық-бұзушылық кодексінің 440-бабы бойынша қоғамдық орындарда масаң күйде жүргені үшін жауапты болады және 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу жазасы қолданылады.

Әкімшілік құқық-бұзушылық кодексінің 608-бабы бойынша нормалар қабылданғаннан кейін мопед жүргізушісі алкогольдік масаң күйде көлік құралын жүргізгені үшін жауапты болады және санкция 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алуды және 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруды көздейді. Сондай-ақ мопедті жүргізу үшін А, А1 немесе В санатымен жүргізуші куәлігі қажет. Автокөлікті тіркеу қағидаларына қажетті түзетулер енгізілді.

Профилактикалық шаралармен 4423 құқық-бұзушылық анықталған

Жалағашта аудандық полиция бөлімі қызметкерлері жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде уақытпен санаспай жұмыс жасауда. Быыл 8 айда ауданда орын алған жол-көлік оқиғасы 66,6 пайызға, оның ішінде жарақат алғандар саны 31,5 пайызға өссе, қаза болғандар 66,6 пайызға төмендеген. Тарқатып айтсақ, кент ішінде орын алған ЖКО 46,1 пайызға артып, 1 адам қаза тапқан. 15 адам жарақат алған. Аудан бойынша жаяу жүргіншілерді қағу дерегі 66,6 пайызға, оның ішінде жарақат алғандар саны 31,5 пайызға өссе, қаза болғандар 66,6 пайызға төмендеген. Ішкі жолдарда орын алған ЖКО 100 пайызға, оның ішінде қаза болғандар мен жарақат алғандар 100 пайызға өскен. Республикалық маңызы бар тасжолда жарақат алғандар да 100 пайызға өскен.

ЖКО-ның орын алған себеп-салдарын талдасақ, адам өлімімен ұштасқан 2 ЖКО да жүргізушілер көлікті басқару кезінде өздерінің төңкеріліп аударылу салдарынан болған, 8 дерегінде автокөліктер бір-біріне бетпе-бет соқтығысып, салдарынан 23 адам жарақат алған. 3 жаяу жүргіншіні автокөлік жүргізушілері жол бойында қаққан, 1 дерегінде жануарға соққан. 3 деректе автокөлік тайып, жолдан шыққан.

Аудандық полиция бөлімі қызметкерлері жол апатының алдын алу мақсатында жиі профилактикалық шаралар ұйымдастыруда. Осыған дейін жол және жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Қауіпсіз жол», «Абайлаңыз, балалар!», «Құқық тәртіп», «Жаяу жүргінші», «Заңсыз тасымалдаушы», «Автобус», «Балабақша» атты іс-шаралар ұйымдастырды. Іс-шаралар барысы туралы аудан тұрғындары құлақтандырылды. Есепті мерзімде жоғарыда аталған іс-шаралардың қосқанда жалпы 8 ай кәлемінде бөлімнің қызметкерлерімен жол қауіпсіздігіне байланысты 4423 құқық-бұзушылық анықталып, хаттамалар рәсімделген, мас күйінде автокөлік жүргізген 14 азамат анықталып, автотұрақ аланына 217 автокөлік қойылды.

Түйін. Сөзіміздің басында айтқанымыздай, жол қауіпсіздігіне тек полиция қызметкерлері жауапты деу қате түсінік. Сондай-ақ жол апатының жиілеуін де тек олардың жұмысымен байланыстыру қисынсыз. Керісінше бірінше кезекте жауапкершілік әрбір адамның өзінде болуы керек. Бастысы, баратын жерімізге жылдам жетуді емес, аман жетуді ойлайық.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Мемлекет басшысы 2025 жылы шілдеден бастап қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша дербес кассациялық соттар құруды көздейтін «Кейбір конституциялық заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңға қол қойды. Жаңа кассациялық сот өз жұмысын бастады.

Жаңа кассациялық сот жұмысын бастады



Кассациялық сот сот жүйесін азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Оның негізгі міндеті сот шешімдерін қабылдау кезінде заңдардың дұрыс қолданылуы мен түсіндірілуінің сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

Кассациялық сатыдағы сот бірыңғай заң тәжірибесі мен сот практикасын қалыптастыруда маңызы зор. Кассация біркелкі нормаларды белгілеуге, заңнаманы түсіндіруге және үлестіруге, сондай-ақ кейінгі істер мен сот шешімдеріне үлгі болатын жаңа прецеденттерді жасауға әсер етеді.

Кассациялық тәртіпте заңды күшіне енген сот актілерін қарау, алдын ала қарауды өткізбеу, істі мәні бойынша ақылға қонымды 6 айға жуық мерзімде қарау, кассациялық тәртіпте 6 құрамды сот болып қарау көзделген. Кассациялық соттың шешімі түпкілікті және міндетті болып табылады.

Кассациялық сот – сот шешімдерін қадағалайтын және түзететін сот жүйесінің бір түрі. Істерді кассациялық сатыдағы сотта қарау белгілі бір негіздер бойынша ғана мүмкін болады. Кассациялық сатыдағы сот шешімдердегі нормалардың сақталуын тексеруге баса назар аударады. Бұл заң тәжірибесінде маңызды рөл атқарады және құқықтық жүйенің дамуына ықпал етеді. Оның шешімдері қоғамдағы дауларды шешуде өте маңызды. Мұндай сот жалпы юрисдикциядағы соттар жүйесінде соңғы шешуші инстанция ретінде әрекет етеді.

Б.ИСАФАБЫЛОВ, аудандық соттың бас маманы, Судьялар одағының мүшесі

Жемқорлық — қоғам дерті

Қоғамда кез келген саланың дамуын тежейтін бір дерт бар, ол – сыбайлас жемқорлық. Ал онымен күресті әрбір азамат өзінен бастауы керек. Сонда ғана біз оның мына қоғамнан көрініс табуына қол бермейміз.



Мемлекетіміздің де бүгінде басты саясатының бірі осы сыбайлас жемқорлықпен күресу екенін жақсы білеміз. Шынында, қазір құзырлы органдар онымен күресте қатаң шараларды жүзеге асыруда. Алайда сөз басында айтқанымдай, қоғам дертімен күресті әрбір азамат өзіне міндет деп түсінбей, оны түбегейлі жоюдың жолы табылмасы анық. Сондықтан «сыбайлас жемқорлықпен тек құзырлы органдар күресуі тиіс» деген қате түсініктен арылуымыз қажет.

Біз «Отан отбасынан басталады» дейміз. Демек, тәрбиенің де бастауы сол отбасынан қалыптасады. Қазақ «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деп бекер айтапаған. Әрқайсысымыз балаларымызға сыбайлас жемқорлықтың тек бір адамға немесе бір отбасына ғана емес, тұтас бір мемлекетке, тіпті өлемге тигізетін залалын түсіндіріп, одан аулақ болуға шақыруымыз керек.

Міне, біз балаларымызға отбасында осындай дұрыс бағдаршам болу арқылы қоғамда жемқорлықтың орын алмауына жол ашамыз. Бұл жерде «бағдаршам болу» деген сөздің де мағынасына терең бойлаған дұрыс. Демек, балаларымызды қоғам дертінен аулақ болуға тәрбиелемес бұрын өзіміз де оның салдарын терең түсініп, өзімізді одан алшақ ұстауымыз керек.

Жалпы тізе берсек, сыбайлас жемқорлықтың қоғамға алып келер залалы жетіп артылады. Ал тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағын қалауға талпынған кез келген адамның бойында оған қарсы иммунитет болуы керек. Сонда ғана біз қай салада болсын мақсатты еңбегіміздің жемісін көреміз.

Дастан БАХТИЯРОВ, аудандық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары



өткелдерін, тротуарлар және жарықтандыру қондырғылары санын көбейту, сондай-ақ бейнетіркеу жүйелері желісін кеңейту қажет.

Мемлекет басшысы да Жолдауда жол қауіпсіздігін азаматтарымыздың өмірі мен денсаулығына тікелей әсер ететін түйткілді мәселе деп атап көрсеткен болатын. Расында солай, әлеуметтік желіні аша қалсаң, бір ғана жол апатының кесірінен бірнеше адамның қаза тапқаны жөнінде мәліметтен көз сүрінеді. Сондықтан Президент Жолдауында туындаған міндеттерді жүзеге асыру ортақ міндет екенін түсінетін уақыт жетті.

Иә, елімізде Ішкі істер министрлігі қабылдап жатқан шараларға қарамастан, жол-көлік оқиғалары мен адам өлімі азаймай тұр. Көп нәрсе жол ережесін жиі бұзатын көлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілерге, сондай-ақ жол инфрақұрылымының жағдайына байланысты. Жазатайым жағдайлардың басым бөлігінің алдын алуға болар еді. Мәселен, адамдар негізінен жаяу жүргіншілер инфрақұрылымынан, жарық пен тротуарлардың жоқтығынан ажал құшады. Сондықтан азаматтардан үнемі шағым түсетін жолдардың қауіпті учаскелеріне қатысты мәселелерді жедел шешу қажет. Өйткені заңнамалық қатаң шаралардың қабылданса да жыл сайын көлік жүргізу және жолды кесіп өту мәдениеті төмендеп барады. Жауапқа тартылған жүргізушілердің саны артқанымен жағдай түзелді деу қиын. Жолаушылар тасымалын бақылау бойынша да тиімді тетік жоқ. Кейбір өңірлерде жолға шыққан балаларды арнайы көлікпен алып жүру ережесі сақталмайды.

Бұл мәселе осыған дейін Үкімет отырысында да қаралған еді. Үкімет басшысы Олжас Бектенов бірнеше бағыт бойынша бірқатар тапсырма берді. Жол инфрақұрылымын дамыту бойынша Көлік министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп автомобиль жолдарын салу, күрделі жөндеу және күтіп ұстау кезінде жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын күшейту тапсырылды. Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, құрылыс және жөндеу жұмыстары барысында стандарттардың қатаң сақталуына бақылауды қамтамасыз ету қажет. Барлық қауіпті жол учаскелеріне тексеру жүргізіп, шаралар қолдану қажет. Сонымен қатар күрежолдардың маңында мал жаю мәселесі бойынша төрт түлік иелерімен түсіндіру жұмыстарын қамтамасыз ету маңызды.

Қазір бірқатар ауылжолда мобилді байланыс нашар, соның салдарынан жол апаты кезінде зардап шеккендер

көмек қызметтерін шақыра алмайды. Осы ретте Цифрландыру министрлігі жолдарды мобилді байланыспен қамту қарқынын жеделдету қажет.

Басым шаралар қатарында жол ережесін бұзу фактілерін тіркейтін камералар мен республикалық маңызы бар жолдарда аппараттық-бағдарламалық кешендер санын арттыру, пилотсыз ұшу аппараттарын белсенді пайдалану, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер тарапынан жол қауіпсіздігі ережесін бұзғаны үшін жауапкершілікті қатандату көрсетілген. Тіпті электр мопедтері мен самокаттарды пайдалану барысына бақылауды күшейту қажет. Бұған қатысты Ішкі істер министрлігі заңнамаға тиісті түзетулер енгізуді жылдамдату қажет.

Иә, Президент заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету, құқық-бұзушылықтарға мүлдем тәзбеушілік және жазаның бұйартпас қағидатын сақтау міндетін қойды. Осы бағытта әсіресе жол апатының деңгейін төмендету бойынша нақты шаралар қабылдау қажет. Бұған қатысты Ішкі істер министрлігі тарапынан айтылған ұсыныстар орынды. Ал оны іске асыруға барлық мемлекеттік орган мен жалпы халық жұмылуы тиіс.

8 айда электрсамокат жүргізушілері 20 мыңнан астам ЖҚЕ бұзған

Ішкі істер министрлігі жол қауіпсіздік шараларын күшейтіп, полиция электрсамокаттарды бақылауына алады. Министрліктің мәліметінше, биыл елімізде электрсамокаттардың қатысуымен 213 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Салдарынан 224 адам зардап шекті. Самокатшылардың кінәсінен 42 апат болып, 52 адам жарақат алған. Оқиғаның 95 пайызы Алматыда орын алған.

Жол қозғалысы туралы заңға өзгерістер енгізілгеніне 2 жыл болды. Бірақ айтарлықтай ілгерілеу, яғни жол апаты азайды деу қиын. Тіпті жол ережесін бұзу күн сайын тіркелуде. Ал кикшерінгілік компаниялардың қауіпсіздік бағытындағы жұмысы әлі де күткен нәтижеге жетпей отыр. Быыл 8 айда электрсамокат жүргізушілері 20 мыңнан астам жол ережесін бұзған. Оның ішінде 6 жағдай мас күйінде басқаруға жатады. 10 мыңға жуық айыппұл жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін салынған. Ондаған жағдай ата-аналардың балаларға самокатпен жолға шығуға рұқсат беруінен тіркеліп отыр. Самокаттардың қатысуымен жол ережесін бұзудың басым бөлігі, яғни 76 пайызы Алматыда болған. Шаһарда дәл осындай 8 айда 7 435 жағдай тіркелген.

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет эр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 87242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1598

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ